

«Қазақ ұлттық аграрлық университет» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
«Ветеринария» факультеті



Калибр рустар қоздыратын аурулардың диагносткасы

Орындаған : ВМ-308

Жүніс Динара
Манат Самат

Қоздырушысы:Калицивирустар тұқымдастығы (Caliciviridae лат-chalise-ойықша) өзіне морфологиясы мен ойықша формасы бар бірнеше вирус түрін қосатын 2 туыстан тұрады:

1. Lagovirus туысы : қояндардың геморрагиялық ауруының вирусы

2. Vesivirus туысы: Шошқаның везикулярлы экзантемасының вирусы

Морфологиясы мен химиялық құрамы: вирус домалақ пішінді, көлемі 28-33 нм. Нуклеоді бір жіпті РНҚ, молекулалық салмағы $2,5-2,8 \cdot 10^6$ Д. Капсиді 32 капсомерден тұрады, капсидінің симметриясы куб тәрізді. Вирус 90 % -белоктан, 10 % -РНҚ тұрады.

Вирустың төзімділігі: вирус эфир мен хлороформға төзімді, трипсинге және рН 12 сезімтал. +56°С ол 5 сағат ішінде, +60°С 3 мин. өледі, бөлме температурасында 52 тәулік өмір сүреді. Хлоромин вирусты 10 мин. инактивтейді, ал формальдигид 6 сағ. өлтіреді.

Вирустың антигендік құрылысы:
вирус құрамында 4 тен 7 ге дейін полипептиді бар екені тіркелген. Олар жануар организімінде вирусбейтараптаушы, комплемент байланыстырушы гемагглютиндеуші антиденелердің пайда болуына әсер етеді. Егілген қояндардан 4-5 күннен кейін серологиялық реакциялардың арқасында осы антиденелер анықталады.

Вирусты бөліп алу: қоян ағзасында вирус барлық мүшелерде әсіресе бауыр мен өкпеде шоғырланады. Вирус сыртқы ортаға мұрыннан аққан сұйық пен дем шығарған ауамен бөлініп шығады.

Гемагглютинациялық белсенділігі. Вирус адам, қой, құстың эритроциттерін агглютинациялауға қабілетті.

Вирусты өсіру: зертханалық жағдайда вирусты өсіру үшін табиғи жағдайда вирусқа сезімтал жануарлар-қояндар пайдаланылады. Қоян ағзасында вирустың репродукциясы зақымдалған клетка цитоплазмасында жүреді.

Қоянның вирусты геморрагиялық ауруы: жіті өтетін контагиозды, барлық мүшелерде ауыр геморогиялық белгілермен және өліммен аяқталуымен сипатталады.

Аурудың дамуы: вируспен ауыздың кілегейлі қабығының эпителиі зақымданады да, нақты шекарасы бар көпіршіктер пайда болады, олардың диаметрі 5-10 мм . Каллци вирустар белсенді түрде бадамша безінің эпителиінде көбейеді және ол негрозға және дистрофияға ұшырайды.

Потолиягық өзгерістер. Геморрагиялық диатезбен және басқа мүшелерде гемарагиялық ошақтадың пайда болуымен сипатталады. Өкпе ісінген, қанға толған ,ол сұрғылт-қызыл түсті, плевра астында көптеген қан құюларды байқауға болады. Трахеямен жұтқыншақ қызыл немесе түссіз сұйықтыққа толған. Бауыр қанға толған, оңай бөлінеді.

Зертханалық зерттеу: зерттеу үшін өлген қоянды немесе тек қана бауырды жібереді. Зертханада бауырдан 25 % суспензия дайындайды. Ол үшін хлороформды 1:5 қатынасында қосып, 15 мин. бойы араластырып отырады. Суспензияны антиген ретінде ГАР, ИФТ, КБР қолданады. Калици вирустар клетка өсіндісінде көбеймейді, бұл вирусты табуды қиындатады.

Алдын-алу үшін: инактивтелген және ассоциацияланған вакциналар қолданылады. Вакцинаны 1 рет 1 айдан бастап бұлшық етке егеді. Иммунитет 3 тәуліктен кейін пайда болады 12 айға дейін сақталады.